

4. Интервалдар, нүктенің ε -маңайы туралы ұғымдарды және $+\infty$, $-\infty$, ∞ символдары арқылы нені белгілейтінін түсін-діріңіз. Ақырсыз $+\infty$, $-\infty$, ∞ сандарының ε -маңайларын жазып көрсетіңіз.
5. Шенелген жиын ұғымын анықтаңыз және мысалдар келтіріңіз.
6. Супремум ($\sup X$) және инфимум ($\inf X$) ұғымдарының мәнін ашыңыз. Мысалдар келтіріңіз.
7. Функцияның анықтамасын келтіріңіз. Функцияның анық-талу аймағы, өзгеру аймағы деген не? Функцияны берудің негізгі тәсілдерін атаңыз. Мысал келтіріңіз.
8. Кері функция, күрделі функция ұғымдарының мәнін ашыңыз. Мысалдар келтіріңіз.
9. Жұп (тақ) функция, периодты функция, монотонды функция деген не? Мысал келтіріңіз.
10. **Негізгі элементар функцияларды** және олардың қасиеттерін атап көрсетіңіз. **Элементар функция** деген не? Мысал келтіріңіз.
 1. Жиындарды, жиынның элементтерін, бос жиынды қалай белгілейді? Ішжиын, тең жиындар деген не және олар қалай белгіленеді? Жиындарға жасалатын амалдардың анықтамаларын тұжырымдаңыз. Мысалдар келтіріңіз.
 2. Жиындарға жасалатын амалдардың қасиеттерін, де Морган заңдарын жазыңыз. Оларды дәлелдеңіз.
 3. Мына логикалық символдар арқылы: $\Rightarrow$, $\Leftrightarrow$, $\vee$, $\wedge$, $\neg$ қандай айтылымдар белгіленеді? Мына логикалық кванторлар: $\forall$, $\exists$ – қалай қолданылады? Мысалдар келтіріңіз.